ПАРЛАМЕНТТЕ

Мәдениет министрлігіне ойын бизнесінің қандай қатысы бар?

Қ.Тоқаев:

Парламент Сенаты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын қарады. Бұл бойынша Үкіметтен «ат арытып келген» Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы жаңадан қандай өзгерістер енгізілетініне тоқталып өтті. Дегенмен, заң жобасын түсіндіруге келген министрдің кей сөздерінің өзіне түсіндірме керек болғандай. Мәселен, «ғимараттардың құқық меншігінде міндетті болуы бойынша талаптар енгізіледі» деді. Ұғынықты ма? Залда отырған сенат депутаттарының ішінде орыстілді қазақтардың, өзге ұлт өкілдері барын байқап, аяп кеттім: олардың құлағына ілеспе аудармамен қандай сөздердің ілесіп барғанын ойлап...

Қоғамдық маңызы бар заң жобасында: «ойын бизнесі туралы заңда жалпы сипаттағы ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қызметі бөлігінде: тұрғын үй емес үй-жайларда ойын мекемелері – тотализаторлар кассаларының, букмекерлік кеңсенің орналасуына тыйым салу» белгіленбек. Бұрын 500 теңгеден асатын ставкалар жасырын ұсталса, енді жария түрде жүруі мүмкін.

Заң жобасының олқы тұстарын Сәрсенбай Еңсегенов тапты. Оның айтуынша, «Ойын бизнесі туралы Заңының» 11-бабының 3-тармағына енгізілген өзгерісте: (бірінші екі сөйлеміне өзгеріс енгізілген) «ойын мекемелері — тотализаторлардың, букмекерлік кеңсенің кассаларын тұрғын үй емес үй-жайларға орналастыруға тиіс» делінсе, екінші бөлігінде «тұрғын үй емес үйжайларға орналастыруға болмайды» (!) деп жазылған екен. «Тұрғын үй қатынастары туралы Заңға» сәйкес, тұрғын үй емес үй-жайлар — тұрғын үйлердегі тұрақты тұрудан өзге мақсаттарға пайдаланатын жеке үй-жай: дүкен, шеберхана, кафе және т.б. Демек, олардың қайда орналасатыны нақтыланбаған. Ал заңды бұзса, әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны көзделген. «Осы қарама-қайшылық қалай жойылуы керек?» — деген сенатордың заңды сауалына, өкінішке қарай, министр тайғанақтау сөйлеп, мардымды жауап қата алмады...

Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлының: «...Мәдениет министрлігіне ойын бизнесінің қандай қатысы бар?» — деп таңырқай қойған сұрағына Арыстанбек Мұхамедиұлы министрлікке спорт саласы қосылғаннан кейін тиесілі болғанын айтып өтті. «Әзір жауапқа» салған министр "ойын-сауық саласын жүйелесек, одан түсетін қаржылар өлеуметтік нысандар — спорт, мәдениетке жұмсалады, сондықтан ойын-сауық саласы — үлкен мүдде жатқан құрылым" дейді. Осылайша, түсініксіз, қарама-қайшы тұстары анық көрсетілген заң жобасына қатысты дауыстарды негізге ала отырып, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады», — деді.

Бір Астананың өзінде шамамен 500-дей букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар барекен. Демек, жөндізаңқабылданып, соның аясында ойын бизнесі мекемелері барынша бақылауда ұсталса, мемлекетке бір жағы моральдық, екінші жағынан қаржылық пайдасын тигізуі тиіс. Қалай дегенмен, құмар ойын түрлеріне жатады. Арты отбасының, қоғамды бұзатындай белплі бір күші бар. Ендеше, Парламент те, табысты жүйелеп қойғысы келген пысық министрлік те елге зиянды тұстары бар заң қабылдануына жол бермейді деп ойлаймыз.

БӘРЕКЕЛДІ!

Мирзоян емес, Сәтбаев көшесі деп аталады

Талай көше қазақы аттарын тапты

Астана қаласының әкімі Ә.Жақсыбековтың қаулысымен және қалалық мәслихаттың шешімімен елорданың бірқатар көшелерінің атаулары өзгертілді. Жобалық көшелерге жаңа атаулар берілетін болды.

Сонымен, шешімге сәйкес Левон Мирзоян көшесіне ғылыми қайраткер, ұлтымыздың асыл ұлдарының бірі — Қаныш Сәтбаевтің есімі берілсе, Дарабоз бен Асқар Тоқпанов көшелері біріктіріліп, Асқар Тоқпанов көшесі деп аталмақ. Астана қаласы Алматы ауданы бойынша № 142 көшеге көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібек есімі берілді.

Негізп өзгерістер Астананың сол жақ жағалауын қамтитын Есіл ауданында жүрді десек болғандай. Бұл ауданда онға тарта жобалық көшелерге жаңа атау берілді. Енді алдағы уақытта жобалық атауы № 199 көше — Шыңғыс Айтматов, № Е-352 көше — Будапешт, № 209 көше — Ұзақ батыр, № 203 көше — Жәменке абыз, №59 көше — Жантай батыр, № Е-487 көше — Зейін Шашкин, № Е-107 көше — Әмина Өмірзақова, №200 көше — Ілияс Омаров көшесі деп аталады

Сарыарқа ауданы бойынша №188 көшеге Шәймерден Қосшығұлұлының есімі берілді.

Сондай-ақ, Сарыарқа ауданы бойынша: Тұрар Рысқұлов көшесі — Бұқарбай батыр, Нұрғиса Тілендиев орамы — Аспандияр Кенжин, Жеруйық көшесі (3-4 пикет) Рақымжан Дүйсенбаев көшесі деп қайта аталмақ.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Қуаныш Айтаханов, ҚР Парламенті сенатының депутаты:

«Менің депутаттық сауалым үкімет басшысы Кәрім Мәсімов мырзаға! Құрметті Кәрім Қажымқанұлы! 2017 жылы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш кәсіби дипломаты, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес Одағының Сауд Арабиясы корольдігіндегі өкілетті өкілі Нәзір Төрекұловтың туғанына 125 жыл, жазықсыз құрбан болғанына 80 жыл толады.

Нәзір Төрекұловтың есімін ел жадында қалдыру мақсатында біз, Парламент сенатының депутаттары, өткен жылдары бірнеше рет депутаттық сауал жолдаған болатынбыз.

...Алайда арада бірнеше жыл уақыт өтсе де, аталған мәселелер өз шешімін таппай отыр. Сондықтан, құрметті Кәрім Қажымқанұлы, қазақтың тұңғыш дипломаты Нәзір Төрекұловтың 125 жылдығы қарсаңында осы мәселелерді шешуге байланысты біз тағы да депутаттық сауал жолдап отырмыз», — деп, Қуаныш ағамыз 8 баптан тұратын сауалнамасын ұсынды.

Енді олар жүзеге асса, көнеки! «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді ғой халқымыз.

Бонусты кімге беруіміз керек?

Мемлекеттік қызмет, аты айтып тұрғандай, елге тікелей әсер ететін, мемлекеттік саясатты алып жүретін ресми жұмыстар. Олардың қоғамда саяси, құқықтық, әлеуметтік мәдениеттің дамуына ықпалы зор. Елбасы үнемі назарда ұстап, олардың өзіндік жауапкершілігін арттыруға қатысты, елмен етене араласуына байланысты талай мәрте айтып та келеді.

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының кешегі өткен съезінде бұл туралы және мәлімдеді. Алдағы ҚР Президенті сайлауына үміткер ретінде де мемлекеттік қызмет саласын жетілдіруге басымдық беруі тегін емес. Сонда ерекше аталған дүние — ынталандырудың монетарлық нысаны — мемлекеттік қызметшілердің атқарған жұмысына қарай бонус, сыйақы төлеу. Ретімен қызметтік көтермелеуге де айрықша көңіл бөлінбек.

Қазіргі таңда бұл бағыттағы жұмыстар басталып та кетіпті. Бұл жөнінде ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Саян Ахметжанов айтты.

— Елбасының тапсырмасына сәйкес, үкіметтің қабылдаған жоспарлары бойынша қазіргі таңда біз Қаржы және Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесе отырып, осы мәселе бойынша үлкен зерттеу жүргізіп жатырмыз. Біріншіден, әр мемлекеттік басқару деңгейіндегі орындардың күнделікті атқарылып жатқан жұмысының функцияларын зерттеудеміз. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын көтеру мәселесінде бонустық жүйені қолдану үшін мемлекеттің төлемақы жүйесін жетілдіру бойынша жарлық әзірленуде, — деді Саян Қылышұлы.

Демек, мемлекеттік қызметкер тиісінше өзі жұмыс жасайтын органның деңгейін жоғарылатуға үлес қосса, сол үлесіне сәйкес, жалақысына бонус үстемесі төленбек.

Ауқымды жоба. Үлкен іс. Өйткені, өкінішке қарай, мемлекеттік қызметті өзінің қажетіне пайдаланушылар да, өз жұмысын жете білмейтіндер де, тамыр-таныс тізбегіне салып жібергендер де аз емес. Бірде әлдебір мемлекеттік басқармаға есеп құжатын өткізуге бардым. Түрлі жұмыстармен келген әлеумет те электронды кезекте тұр екен. Мен тиісінше талонымды алып, кезекке тұрдым. Кезегім 124-інші. Бірақ, залға қарасам, онда әрі кетсе, 40-қа тарта ғана адам кезегін күтуде. Ал сондағы мемлекеттік қызметкерлердің кейбіреулері кезекте тұрғандарды шақырып, тиісті қызметін атқарып жатса, бірнешеуіне, «бақытына орай» электронды кезектен шығып кеткен адам кезігіп (үйіне кетті ме, басқа жерге ме, ол біздің мәселе емес), соның нөмірін таблодан өшірмей тұрып алмасы бар ма?! Құдды бір қызу қызмет көрсетіп жатқандай... Шындығында, қызмет көрсетіп отырған жоқ, бар болғаны өз тіршілігімен айналысып жатқаны байқалады. Оларға «тірі кезекті» қабылдасаңыздар деп айта қалсаңыз, бәлеге қаласыз. Сондай бір сәтте, бос отырғаннан «шаршағандай» бір мемлекеттік қызметкер: «Біз беске дейін ғана жұмыс жасаймыз», — демесі бар ма?! "Қалғандарыңыз үлгермейсіздер, ертең келіңіздер", — дегенді де қыстырып жіберді. Кетуге шақ қалғанда, тағы сұрай салайын деп, басқа терезедегі мемлекеттік қызметкерден сұрадым. Ол болса, 6-ға дейін, әрі мына залдағы адамдар таусылмай қызметкерлер кетпейтінін айтты. Бір мемлекеттік мекеменің ішінде қос «заңдылық». Бұл — бір барғандағы көрініс. Ал мұндайдың қаншасын басынан өткеріп, әуреге түсіп жатқан қарапайым халықты ойланып көріңізші! Ендеше, өздеріне ыңғайлы «норма» жасап алған мемлекеттік қызметкерлер мен өз өкілеті деңгейінде адал әрі нәтижелі қызмет ететіндердің жалақысы бір болу әділеттілік болмайтыны анық.

Ақбас сиырдың мәртебесі

Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасы арнайы жиын ұйымдастырды. Оған ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мүйізі қарағайдай өкілдері, ғылыми ұйымдар мен ЖОО өкілдері қатысып, жиында ірі қара мал (әрі қарай — ІҚМ) мәртебесін 76 мыңнан аса мал басы алды.

Әрине, сырттай қарағанда, әлдебір диплом тапсыру салтанаты сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, ресми рәсімі солай екен, яғни аталған Палатаның непзгі қызметіне малдарға асылтұқымды мәртебесін және асылтұқымды ірі қара малға асылтұқымдық куәлігін беру кіреді.

Сонымен, 2015 ж. 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, республикамызда шамамен 7200 шаруашылық 217 930 бас қазақтың ақбас тұқымды малын ұстауда. Қазіргі таңда барлық етті тұқымдық бағыттағы сиырлардың арасындағы қазақтың ақбас тұқымды малының үлес салмағы 61,4%-ды құрап отыр.

Жиналыста қазақтың ақбас ІҚМ тұқымын жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу институттарының, ЖОО мен асылтұқымды және селекциялық жұмыстармен айналысатын сарапшылардың жұмыс нәтижелері талқыланды. Жиын мүшелері қазақтың ақбас ІҚМ тұқымын популяризациялау және тұқымдық сапаны жетілдіруге қатысты нақты шаралар ұсынды.

Шараға Ауыл шаруашылығы министрлігі мен аумақтық органдардың, ғылыми ұйымдар мен ЖОО өкілдері және Палатаға мүше шаруашылықтар қатысты.

Нұрлан Ерімбетов, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «Әлеуметтік әріптестік орталығы» КҚ-ның бас директоры:

Мемлекеттік қызметкерге ең әділ баға беретін – халық

Мемлекеттік қызметкерлерді бағалау өте қиын. Дегенмен, жақсы жалақылары болуы керек.

Сонымен қатар, «мемлекеттік қызметкерлердің жағдайы, ойбай, Малайзияда ондай, Финляндияда сондай» деп, көшіріп ала беруге болмайды. Өзіміздің діліміздің негізінде жасалғаны дұрыс.

Халықпен жұмыс жасай ала ма, жоқ па? Өз қызметінде адами факторларға байланысты мемлекеттік қызметкер қандай ілгерілеу жасады? Осыларға басымдық беру арқылы жалақы белгіленген жөн. Өйткені мемлекеттік қызметкерге ең әділ баға беретін — халық. Бұл — жәй саяси сөз, ұран емес. Тест арқылы бағалауға болмайды. Сондықтан тиісті азаматтар халықтық бағалаудың әдістемесін ойластыруы қажет.

Алдан Смайыл, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты:

Басшының, оның орынбасарларының деңгейіне көп нәрсе тәуелді

Елбасының мемлекеттік қызметкерлерге қойып отырған талабы өте дұрыс. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, рухани жағдайы олардың қызметіне тікелей тәуелді, яғни қызметін жақсы атқарса, қоғам соғұрлым тез жетіледі. Керісінше жағдайда, әрине, жұмыс ақсайды.

Өздеріңіз де көріп жүрсіздер ғой, біз жыл аяғында есеп комитетінің мәліметін аламыз. Сонда миллиондаған, миллиардтаған ақшалар игерілмей жатады. Неге? Керек болса, жыл сайын, салынуға тиіс мектептер салынбайды, алынған астық шіріп, бастырылмай қалады. Осының өзі тиісті органдардағы жұмыстың талапқа сәйкесіздігін көрсетеді. Ендеше, сол кемшіліктерді жіберген тиісті лауазымдағылардың жалақыларын қысқарту керек. Тағы қайталаса орнынан босатып қана қоймай, оның қайтадан сол орынға келмеуін қадағалауымыз қажет.

Сонымен қатар, білімді де білікті қызметкердің өз өкілеттігі деңгейінде кәсіби шеберліпн көрсетуі, нәтижелі әрекет етуі басшыларына да байланысты. Басшының, оның орынбасарларының деңгейіне көп нәрсе тәуелді.

Осының бәрін сарапқа салуымыз керек. Егер сараптама әділ әрі дұрыс жүргізілсе, кемшілік те ашылады.

Кейінгі кездері "дақпырттық" идеология басым болып барады. Ылғи "жақсы, керемет, бәрі тамылжып тұр" деп айқайлай берген жөн емес. Бір нәрсені бастап, артын сүйылтып алатынымыз бар. Бұл да соған ұласып кетпесін дейік...

ҚҰРМАНҒАЛИ НҰРҒАЛИЕВ